

1 дәріс. «Көліктің мәні және көлік үрдісінің негіздері».

Сабақ мақсаты: жалпы терминдер және түсініктермен танысу.

Дәріс жоспары:

1. Көліктің мәні және көлік үрдісінің негіздері.
2. Қазіргі көлік жүйесінің сипаттамасы мен құрамы.

1. Транспорт сөзі латын тілінен аударғанда «transporto» - апарамын, жеткіземін, тасимын деген мағынасында адамдарды немесе жүктерді тасымалдау, қоғамдық материалдық өндірістің ең маңызды бір облысы болып табылады. Көлік шикізатты өңдемейді де, өнім де шығармайды. *Транспорт* термині көп жағдайда көлік жүйесін құрастыратын инфрақұрылымның, басқару, көлік құралдарының бірлестігін немесе экономика саласын білдіреді.

Транспорт – әртүрлі мағынада қолданылады. Оны әдетте:

- Жүк және жолаушы тасымалдаушы деген мағынасы бар, халық шаруашылық бөлімінде;
 - Материалдық өнімнің және адамдардың орын ауыстыруын қамтамасыз ететін техникалық құралдар комплексінде;
 - Жүк немесе жолаушылардың орын ауыстыруының өзіндік процесінде;
 - Көшелер немесе жол бойынша қозғалатын бірліктер торабында;
 - Белгіленген орынға және нақты мекен-жайға жіберілген жеке жүк партиясында;
- Адамдық сала түрі немесе мамандық ретінде түсінеді.

Транспорттық жүйе – тасымалдауды жүргізу кезіндегі өзара байланыста және тәуелділікте болатын әртүрлі транспорттық комплекстер (кешендер). Мемлекетке, аймаққа немесе үлкен қалаға қатысты қолданылады.

Транспорттық бірлік – транспорттың барлық түрлерінің әлеуметтік - экономикалық бірлестігін көрсетеді.

Транспорттық желі (сеть) – елдің барлық мекен-жайларын және жеке аймақтарды байланыстыратын хабарламалардың барлық жолдарының жиынтығы, анықталған территорияның немесе елдің транспорттық қызмет көрсету көрсеткіштерін мазмұндайды.

Жалпы қолдану транспорты – заңға сәйкес барлық жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды іске асыруға міндетті транспорт. Оны мемлекеттік мекеме немесе кәсіпорын, қоғамдық ұйым немесе жеке тұлға ұсынуы мүмкін.

Жеке қолданудағы транспорт – өзінің немесе кәсіпорынның тасымалдауын іске асыратын және барлық басқа клиенттердің талаптарын қанағаттандыруға міндетті емес жеке транспорт.

Магистралді транспорт – негізгі транспорттық министрстволар және ведомстволар: Хабарлама жолдарының Министерствосы, Теңіз флотының Министерствосы, азаматтық авиация Министерствосы, құрылыс және автомобиль жолдарының эксплуатациясының Министерствосы жүргізуге болатын жалпы қолдану транспорты.

Магистралды транспорт - маңызды қалалар мен елдің немесе ірі аймақтардың өндіріс орталықтарын байланыстыратын хабарлама жолдарын белгілеу үшін қолданылады.

Әмбебап транспорт – барлық тасымалдау түрлерін (жүк және жолаушы) жүзеге асыра алатын транспорт.

Дискретті транспорт – тасымалданатын зат (жүк немесе жолаушы) жеке партиялар немесе топтар, тәуелсіз қозғалатын транспорттық бірліктер көмегімен (автомобиль, поезд, ұшақ, кеме) тізбектей тасымалдаушы кез-келген транспорт.

Үзіліссіз транспорт – тасымалдау құралы үзіліссіз ағым түрінде келетін транспорт.

Дискретті және үзіліссіз транспорт принциптерін біріктіретін құрылымдар бар: кабиналары бар арқан жолдары және т.б.

2. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдауда көліктің келесі түрлері пайдаланылады:

- темір жол;
- автомобиль;
- ішкі су (өзен);
- теңіз;
- әуе;
- қалалық электр көлігі;
- құбырлық.

Барлық аталғандар бірыңғай көліктік жүйесіне (БКЖ) енеді

(Слайд шоу №1.)

Логистикалық менеджмент тұрғысынан қарағанда көліктің әр түрінің логистикалық жүйеде қолданатын өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Темір жол көлігі – үлкен тасымалдау мүмкіндіктері, жеткізудің жоғары жылдамдығы, төмен өздік құндылығы, климат жағдайларынан тәуелсіздігі; тиеу – түсіру жұмыстарының тиімді ұйымдастырылуы. Салыстырмалы төмен тарифтер, транзит жөнелтілімдеріне жеңілдіктер.

Кемшіліктері: тасымалдаушылардың жетіспеушілігі; өндірістік – техникалық базаға кететін қаражаттың көп мөлшері; жүк сақтығының төмен дәрежесі.

Құбыр көлігі – мұнай мен газды тасымалдауға арналады; жоғары өткізу қабілеттілігі; арзан, үлкен көлемді. *Кемшіліктері:* жүк түрлерінің шектеулігі (газ, мұнай өнімдері, шикізат материалдарының эмульсиялары).

Әуе көлігі – өте жоғары жылдамдық, жоғары баға; жоғары сенімділік; сақтық.

Кемшіліктері: тасымалдаудың жоғары өзіндік құны, басқа көлік түрімен салыстырғанда жоғары тарифтер, климат жағдайларына тәуелділігі.

Ішкі су көлігі (өзен) – үйілме және ақтарма жүктерді тасымалдау үшін арналған, арзан көлік түрі, бірақ навигация кезінде ғана жұмыс істейді. Климат жағдайларына тәуелді, жүк жеткізу жылдамдығы төмен; өзен тереңдігінің біркелкіліксіздігіне және навигацияға тәуелді.

Теңіз көлігі. Артықшылықтары: континентаралық тасымалдарының мүмкіндігі, алыс қашықтық тасымалдарының төмен өзіндік құны, жоғары өткізу және тасымал қабілеттігі. *Кемшіліктері:* тасымалдаулар шектеулігі, жеткізудің төмен жылдамдығы; ауа райы, географиялық және навигацияға тәуелділігі; жүкті бекітуге қойылатын қатаң талаптар.

Автомобиль көлігі – темір жол көлігімен салыстырғанда жоғары маневрлі («есіктен есікке» тасымалдау), жылжымалы құрам типтерінің әр түрлілігі, қысқа арақашықтыққа арзан тарифтер. *Кемшіліктері:* төмен жүккөтергіштік, жоғары өзіндік құны, жылжымалы құрамға кететін металл шығыны.

Көлік – жолаушыларды, багаж және жүктер мен почтаны автокөлік құралдары және инфрақұрылымды пайдалану арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын экономика саласы.


Қорытындыласақ (1 сурет)


Өзін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Транспорт
2. Транспорттық жүйе
3. Транспорттық бірлік
4. Жалпы қолдану транспорты
5. Әмбебап транспорт

Ұсынылатын әдебиет:

1. Закон РК «Об автомобильном транспорте», гл1.
2. Гудков В.А. «Пассажирские автомобильные перевозки». М.: Горячая линия – Телеком. 2006 год. 448 с.





1 сурет. Көлік түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктері.